

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

Толеп Ауылы

2025 жылғы 02 желтоқсан уақыты сағат 11:00

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: Толеп ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)
2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: 2026 жылға арналған «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; 2026 жылға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», 2026 жылға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары», Тепке кен орнында озыңқы-өндіруші Т-4 ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық және жобалық тереңдігі 3800 метр (± 250 м), Тепе кен орнында Т-5 және Т-6 бағалау ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық, жобалау тереңдігі 3800 метр (± 250 м) жобаларына ҚОҚБ.
3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК
4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Толеп ауылы, географиялық координаттары: $44^{\circ}53'39.99''$, $54^{\circ}4'51.39''$.
(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)
5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Толеп ауылы
(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі).
6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Тепке» ЖШС, БСН 071140024759, Ақтау қ., 12 ш/а, 79/1 ғимарат, 203 кеңсе, тел.: 87013581112
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)
7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтөбе қ. Марсеева, 38. бөл.7, тел: 87014848005. БСН 100740003476
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)
8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): 2025 жылғы 02 желтоқсан сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Толеп ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты өткізілді. Карантинге байланысты бейне-конференция байланыс нысанында тыңдауларды өткізу:
<https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVkklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=88126848620>
Идентификатор конференции: 270 316 8932
Код доступа: 96c0iG
(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)
9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қосымшада берілген.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) бірыңғай экологиялық порталда, <https://ndbecology.gov.kz>;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau>

(атауы және ресми интернет-ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

1. Газета: Рауан, №44 (2836) 28 қазан 2025 жыл (қосымшада)

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

2. теле-радио арнаның атауы «Astana TV», 24.10.2025 жыл №086 (қосымшада).

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиозаписі бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Толеп ауыл әкімінің ғимараты** мекенжайы бойынша **хабарландыру үшін стенде 1 дана** хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Бірауыздан қабылданған шешіммен қоғамдық тыңдау хатшысы болып – «Рекорд Консалт» ЖШС өкілі Сақтау Самал Махамбетқызы сайланды (хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес" - 10, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 3)

Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: баяндама – 10 мин., талқылау Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қоя алады және жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылатын регламент – 10 минут.

Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" - 10, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 3)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«Рекорд Консалт» ЖШС өкілі, баяндамашы- Сақтау Самал Махамбетқызы.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

Жоба бойынша Презентация (9 бетте) және баяндама қосымшада ұсынылды

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **жөк**
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Бас маман Тұғайбергенов С.С.

Ахмет ахметов ахметов ахметов М.М.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы С.Т.Т.

Күні: « 02 » желтоқсан 2025 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: «Рекорд Консалт» ЖШС өкілі Сахтай Самал Махамбетқызы
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы Сахтай

Күні: « 02 » желтоқсан 2025 ж.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1			
2			
3			
4			
5			

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы
 02.12.2025 ж. 11:00 «Тепке» ЖШС, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Төлеп ауылы

№ п/п	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Нуралова Баки	ауыл тұрғыны	8771 3470864	жеке.	Нур
2	Ормбасева Шомак	ауыл тұрғыны	8905 410 22 79	жеке	Орм
3	Муратовте Керіс	ауыл тұрғыны	7771 679 15 83	жеке	Мер
4	Жумағалиева Роза	ауыл тұрғыны	7705 880 61 91	жеке	Жумағалиева
5	Майбаева Айдана	ауыл тұрғыны	8777 344 91 99	жеке	Майбаева
6	Мейдашова Түлөбердім	ауыл тұрғыны	7777 913 22 21	жеке	Мейдашова
7	Турашова Мұнар	ауыл тұрғыны	7777 631 77 87	жеке	Турашова
8	Боранова Раим	ТОО Тепке.	8701 358 11 12	жеке	Б.
9	Ақонова Шалган	ауыл тұрғыны	+7 777 665 0483	жеке	Ақонова
10	Жадагершінова З.С.	«Төлеп ауылы» ЖШС «Төлеп ауылы» ЖШС	8205 882 6888	жеке	З.С.
11	Назарбаев С.С.	Түркістан	8778 113 9897	онлайн	11-11-11-11
12	Мажуева А	Түркістан	8775 490 9595	онлайн	11-11-11-11
13	Сатмау С.М.	Назарбаев	8778 916 6528	жеке	Сатмау
14					
15					
16					
17					

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25182247001, Дата: 22/10/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Мангистауская область, Бейнеуский район, Толепский с.о., с.Толеп

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДС на 2026 год; «Программа управления отходами на 2026г.», «Программа производственного экологического контроля на 2026 г.», «План природоохранных мероприятий», РООС: Индивидуальный технический проект на строительство опережающей-добывающей скважины Т-4 на месторождении Тепке, проектной глубиной 3800 метров (±250м), Групповой технический проект на строительство оценочных скважин Т-5 и Т-6 на месторождении Тепке, проектной глубиной 3800 метров (±250м).

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Бейнеуский район, Толепский с.о., с.Толеп, 02/12/2025 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
газета Рауан; "Astana TV"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Здание сельского клуба

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
""Тепке"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 071140024759), +7(701)-358-11-12 , amaner_2005@mail.ru ,

Представитель: Боранова Баршагуль

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25182247001, Дата: 23/10/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25182247001, от 22/10/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ на 2026 год; «Программа управления отходами на 2026г.», «Программа производственного экологического контроля на 2026 г.», «План природоохранных мероприятий», РООС: Индивидуальный технический проект на строительство опережающей-добывающей скважины Т-4 на месторождении Тепке, проектной глубиной 3800 метров (±250м), Групповой технический проект на строительство оценочных скважин Т-5 и Т-6 на месторождении Тепке, проектной глубиной 3800 метров (±250м)., в предлагаемую Вами 02/12/2025 11:00, Мангистауская область, Бейнеуский район, Толепский с.о., с.Толеп(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

""Тепке"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН: 071140024759), +7(701)-358-11-12 , amaner_2005@mail.ru ,

Представитель: Боранова Баршагуль

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тепке» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ на 2026 год; «Программа управления отходами на 2026г.», «Программа производственного экологического контроля на 2026 г.», «План природоохранных мероприятий», РООС: Индивидуальный технический проект на строительство опережающей-добывающей скважины Т-4 на месторождении Тепке, проектной глубиной 3800 метров (± 250 м), Групповой технический проект на строительство оценочных скважин Т-5 и Т-6 на месторождении Тепке, проектной глубиной 3800 метров (± 250 м).

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 44°53'39.99", 54°4'51.39".

Слушания состоятся: 2 декабря 2025 года в 11:00 часов

Место проведения: Мангистауская область, Бейнеуский р-н, Толепский с.о., с. Толеп, здание сельского клуба

Платформа ZOOM:

<https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlbGpVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=88126848620>

Идентификатор конференции: 270 316 8932

Код доступа: 96c0iG

Заказчик: ТОО «Тепке», г. Актау, мкр. 12, зд. 79/1, офис 203. Тел. 8-702-400-40-10. БИН 071140024759.

Разработчик: ТОО «Рекорд Консалт», Актөбе қ. Маресева, 38, бөл.7, тел: 87014848005. БИН 00740003476

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Тепке" ЖШС жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды: 2026 жылға арналған «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; 2026 жылға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», 2026 жылға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары», Тепке кен орнында озыңқы-өндіруші Т-4 ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық және жобалық тереңдігі 3800 метр (± 250 м), Тепе кен орнында Т-5 және Т-6 бағалау ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық, жобалау тереңдігі 3800 метр (± 250 м) жобаларына ҚОҚБ.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°53'39.99", 54°4'51.39".

Тыңдаулар 2025 жыл 2 желтоқсан сағат 11:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Толеп а. о., Толеп ауылы, ауылдық клуб ғимараты

Платформа ZOOM:

<https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlbGpVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=88126848620>

Конференция идентификаторы: 270 316 8932

Кіру коды: 96c0iG

Түтынушы: «Тепке» ЖШС, Актау қаласы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. тел: 8-702-400-40-10. БСН 071140024759

Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Актөбе қ. Маресева, 38. бөл.7, тел: 87014848005. БСН 100740003476

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі:

too_record_konsalt@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> және электр. ЖАО мекенжайы

s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

28.10.2025
14:30



ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАППАҚ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ 16-17 КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДА ОБ-ЛЫС ӘКІМІ НҮРДАУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ БЕЙНЕУ АУДА-НЫНДА ЖҰМЫС САПА-РЫМЕН БОЛЫП, АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

Бұл жиынға аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, атқарушы билік өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты. Көпшілік алдында аудан әкімі Р.Шалбаев 2024 жылдың тоғыз айындағы атқарылған ауданның экономикалық даму барысы туралы баяндама жасады. Баяндамада аудан басшысының

сайлауалды бағдарламасының негізгі бөлігі орындалып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайы арта түскен. Әлі де халық тұрмысының сапасын арттыру мен әлеуметтік қажеттіліктерді одан әрі

дамыту жұмыстары қолға алынбақ. Аудан халқының саны табиғи және демографиялық өсімен жыл санап артып келеді. Халық санының артуына орай ауданда білім беру мекемелерінің де қажеттілігі



туындап, биылғы жылдың өзінде екі «Жайлы мектеп» білім күніне пайдалануға берілді. Қазіргі таңда халықтың сұранысын орындау мақсатында заманауи талаптармен жабдықталған Бейнеу көпбейінді аудандық ауруханасына қайтарылған активтер қаржысымен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл халыққа медициналық қызмет көрсетудің жаңа мүмкіндігі болмақ. Тұрғындардың сұраныстарының бірі – теміржол вокзалы мен ауылшілігі және елді мекендер аралық көлік қатынасы болатын. Қазіргі таңда бұл сұраныстары да



қанағаттандырылып, барлық бағыттағы елді мекендерге және ауылшілігі маршрут-та жаңа автобустар қатынасы жүзеге асырылып, заманауи талаптарға сай жаңа вокзал құрылысы қарқын алуда. Аудан әкімінің есептік баяндамасынан кейін аймақ басшысы халықтың сұрақтарына жауаптар беріп, аудан тұрғындарының ұсыныс-тілектерін тыңдады. Өзекті мәселелердің бірі – халықты жұмыспен қамтамасыз ету саясаты. Ел-халықтың осы сұранысын қанағаттандыру мақсатында облыс басшысы аудан аймағындағы өндірістік мұнай мекемелерінің басшыларымен бөлек жиын өткізіп, бірқатар тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда «Мейрбуш» ЖСШ, «ҚазАзот» ЖСШ, «Табынай» ЖСШ, «Қазахтүркмұнай» ЖШС, «Nobilis Corp»

ЖСШ, «Эврика Олеум» ЖСШ және «Абсолют Ойл Лтд» жеке компаниясы басшыларымен келіссөздер жасалды. Аталған мұнай кәсіпорындарына алдымен аудан тұрғындарын жұмыспен қамтып, әлеуметтік жауапкершілік аясында балаларды оқытуға, кәсіп бастауға гранттар бөлу және әлеуметтік нысандар салу мәселелері тапсырылды. Бұл аудан тұрғындары үшін көптен қордаланған негізгі талап тілектерінің шешімі табылған жаңалығы болды. Жиын соңында облыс әкімі Н.Қилыбай тұрғындарды жеке өтініштерімен қабылдап, айтылған мәселелерді шешуге жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Г. ШЫМБЕРГЕНҚЫЗЫ.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚОҒАМДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДА, ҚЫЛМЫС ПЕН
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ
АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЗАҢ МЕН
ТӘРТІПТІҢ ОРЫНДАЛЫ-
СЫН БАҚЫЛАУДАҒЫ ПОЛИ-
ЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕНБЕГІ
ОРАСАН ЗОР. ОСЫҒАН ОРАЙ
АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ
БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫМЕН
СҰХБАТ ЖҮРГІЗГЕН ЕДІК.



ПОЛИЦИЯ – ТЫНЫШТЫҚ САҚШЫСЫ

1. Еркебұлан Ермеkbайұлы, полиция бөлімінің құрылымдық жайы жөнінде айтып өтсеңіз?

– Полиция - Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары құрамындағы құқық қорғау органы болып табылады. Оның негізгі міндеті – қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу және оны ашу. Бөлім құрылымы ҚР Ішкі істер министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес қалыптастырылған. Құрылымда жедел-тергеу, криминалдық полиция, әкімшілік полиция, жергілікті полиция қызметі, кадр жұмысы, қаржы-шаруашылық бөлім және тағы басқа қызметтік бағыттағы секторлар бар.

2. Полиция қызметкерлерінің қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндеттері қандай?

– Полиция қызметкерлері – мемлекет пен халық арасындағы сенімді байланысты қалыптастыратын жауапты тұлға. Біріншіден, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Екіншіден, қоғам алдындағы жауапкершілік, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, қауіпсіз орта қалыптастырады. Яғни әрбір әрекеті заң мен қоғамның моральдық формаларына сай келуі тиіс. Тәртіп сақшыларына қызметін асыра пайдалану немесе өкілеттілігін теріс қолдануға жол берілмейді. Ол үшін заң мен қоғам алдында жауапты.

3. Мемлекет тарапынан полиция қызметкерлеріне қандай жеңілдіктер қарастырылған?

- Қызметкерлерге мемлекет тарапынан бірқатар әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету, зейнеткерлікке ерте шығу (25 жыл еңбек өтілі бойынша), медициналық қызмет көрсету, арнайы киім және құралдармен қамтамасыз ету, жоғары жалақы және қосымша төлемдер (тәуекелділік үшін, шұғыл қызмет үшін және т.б.) беріледі.

4. Қоғамдық тәртіп бұзу мен қылмыс түрлерінің жай-күйі жөнінде не айтасыз?

- Қазіргі таңда аудан көлеміндегі қоғамдық-саяси жағдай тұрақты. Қоғамдық тәртіпті бұзу мен қылмыс жасау фактілері тіркеліп тұрады. Алайда соңғы жылдары қабылданған профилактикалық шаралардың нәтижесінде орта санаттағы қылмыс түрлері азайды. Бұған қоса, көшедегі құқықбұзушылықтар, отбасылық-тұрмыстық жанжалдар және әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстар күшейтілді.

5. Ұрлық, қасақана зиян келтіру және ауыр қылмыстардың ашылуы қалай жүргізілуде?

- Аталған санаттағы қылмыстар бойынша жеделіздестірушараларжүргізіледі. Криминалдық полиция қызметкерлері жедел ақпаратты жинау, бейнебақылау материалдарын зерделеу, күдіктілерді анықтау және дәлелдемелерді бекіту жұмыстарын атқарады. Соңғы көрсеткіштерге сүйенсек, ауыр қылмыстарды ашылу деңгейі 80-90% аралығында.

6. Жастар мен жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтар және олардың

алдын алу шаралары туралы айтсаңыз?

- Жастар арасында кездесетін құқықбұзушылықтарға негізінен түнгі уақытта көшеде жүру, ұсақ бұзақылық, мас күйінде қоғамдық орында болу және кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігін түсінбеуі себеп болады. Алдын алу мақсатында мектеп инспекторлары, ювеналды полиция қызметкерлері профилактикалық кездесулер, дәрістер мен түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізуде. Сонымен қатар ата-аналармен түсіндіру жұмыстары да қолға алынған.

7. 2025 жыл – «Профилактика жылы» аясында қандай қызметтер атқарылды және нәтижесі қандай болды?

- ҚР ІІМ: 2025 - «Профилактика жылы» деп жариялануына сәйкес аудандық полиция бөлімімен жан-жақты және жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында «Қауіпсіз жол», «Тасымалдаушы», «Тұрмыс», «Мал ұрысы», «Таза Қазақстан», «Құқықтық тәртіп», «Назар аударыңыз жаяу жүргінші», «Жасөспірім», «Учаске», «Абайлаңыз, балалар!», «Дәрмек», «Stop трафик» т.с.с жедел профилактикалық іс-шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Бұл шаралар қоғамдық тәртіпті нығайтуға, әсіресе тұрмыстық және көшедегі құқықбұзушылықтардың алдын алуға оң әсерін тигізді.

Сонымен қатар полиция қызметінің ашықтығы мен халыққа жақындығын арттыру мақсатында бірқатар жаңа формалар енгізіліп, тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Мысалы, «Аулада қабылдау» акциясы аясында учаскелік инспекторлар мен бөлім басшылығы тұрғын үй аулаларында, халық көп жиналатын орындарда азаматтарды қабылдап, проблемалық мәселелерді орнында шешуге күш салды.

Әр тоқсан сайын аудан тұрғындарымен кездесу өткізіліп, онда құқықтық тәртіп ахуалы, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері талқыланып отырды.

Бөлім басшылығының азаматтарды жеке қабылдау кестесі бекітілген және бұл тәртіппен тұрақты түрде қабылдаулар ұйымдастырылды. Бұл – халықтың арыз-шағымын жедел қарауға, сенімді арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Онлайн тікелей эфирлер (әлеуметтік желілер арқылы) тұрақты ұйымдастырылып, полиция жұмысы туралы ашық ақпарат беріліп келеді. Азаматтардың сұрақтарына тікелей жауап беру тәжірибесі қоғаммен өзара байланысты күшейтті. Аталған шаралардың барлығы полиция қызметінің ашықтығын, халықпен кері байланысты және құқықбұзушылықтың алдын алу тиімділігін арттырды. 9 айдың қорытындысымен жалпы қылмыстық ахуалдың тұрақтылығы сақталып, кейбір санаттағы қылмыстардың төмендегені байқалды.

8. Аудан тұрғындарына «Заң мен тәртіп» қағидатының орындалуы үшін не айтар едіңіз?

- Әрбір азаматтың қауіпсіздігі мен құқығының қорғалуы – полиция қызметінің басты міндеті. Дегенмен заң мен тәртіпті сақтау – тек полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Сол себепті аудан тұрғындарын құқықтық сауаттылықты арттыруға, заң талаптарын сақтауға және құқықбұзушылықтың алдын алуға белсенді атсалысуға шақырамын. Тәртіп – ортақ мүдде, ал оны сақтау – әр азаматтың борышы.

Сұхбат бергеніңізге рахмет, қоғам алдындағы жауапты қызметтеріңізге сәттілік тілейміз.
Сұхбаттасқан Таңат АМАЛБАЕВ.

КӘСІПТЕГІ ТАЛАП ПЕН ТАЛҒАМ



ҚАЗІРГІ ТАҢДА
ШАҒЫН ЖӘНЕ
ОРТА КӘСІПкерлік
ЕЛІМІЗДІҢ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ
САНАЛАДЫ. СЕБЕБІ
БҮЛ САЛА ХАЛЫҚТЫ,
ОНЫҢ ІШІНДЕ
ЖҰМЫССЫЗ АДАМ-
ДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТЫП ҚАНА
ҚОЙМАЙ,
МЕМЛЕКЕТТІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДА-
МУЫНА ЗОР ҮЛЕСІН
ҚОСЫП ОТЫР.



Кәсіпкерлікпен айналысу - жұмыссыздық деңгейін төмендетуге айтарлықтай ықпал етеді. Яғни кәсіпкерлік сала – ауыл тұрғындары үшін жаңа жұмыс орны, жаңа мүмкіндіктер. Кәсіпкер болу үшін ауыл тұрғынына тек егін егіп, мал бағу аз. Нарықты түсінуге, шығын мен кірісті есептеу, салықтық есеп жүргізу, маркетинг пен сату жолдарын игеру – заманауи кәсіпкер үшін маңызды білім. Ауылда кәсіп ашу – елге пайда, өзіңе нәсіп. Бірақ бұл жолда жүйелі жоспар, дұрыс құрал және сенімді қолдау аса қажет.

Бүгінде нарықтық қоғамда түрлі кәсіп түрлері баршылық. Соның ішінде тағам өнімдеріне деген сұраныс күн санап артуда. Әсіресе күнделікті тұрмыста уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін жартылай дайын өнімдер мен шұжық түрлеріне деген қажеттілік жоғары. Бұл өнімдер - алдын ала тазартылып, тұралып, дәмделіп, термиялық өңдеуге дайын күйде сатылатын тағам түрлері.

Полифабрика өнімдері – қазіргі заман талабына сай, күнделікті тұрмыста қолайлы қажеттілік. Бұл жартылай дайындалған өнімдер әсіресе жұмысбасты адамдар мен студенттер арасында ерекше сұранысқа ие. Өйткені тағамды дайындауға көп уақытты қажет етпейді.

Осындай сұранысты қамтамасыз етіп отырған кәсіп иелері - ел экономикасының іргесін бекемдеп жүрген елеусіз еңбек адамдары. Солардың бірі - шұжық және жартылай фабрикат өнімдерін өндірумен айналысатын деген кәсіпкер, «Assorty Beineu» жекен атаумен өз өнімдерін шығарушы, ауданымыздың тұрғыны - Мадина Тілектесова.

Мадина бұл кәсіпке 2020 жылы ден қойған. Алғашында отбасылық шағын іс ретінде бастаған кәсібін бүгінде халыққа қажетті

сапалы өнім өндіретін тұрақты бизнеске айналдырған. Қазіргі таңда оның шұжық және жартылай дайын өнімдер шығаратын жұмысы кеңейіп, сегіз адамға тұрақты жұмыс орнын ұсынып отыр.



Бұл салада адалдық пен сапа басты орында. Себебі тұтынушының сенімін ақтау оңай емес. Әрбір өніміміз - біздің абыройымыз. Сондықтан шикізатты тексеріп, стандартқа сай өңдеп, санитарлық талаптарды қатаң сақтаймыз, - дейді кәсіп иесі.

Өндірісте ет және еттен жасалған түрлі өнімдер, табиғи жартылай дайын фабрикаттар, салқын тағамдар мен дайын салаттар, ысталған өнімдермен қоса шұжықтар дайындалады. Барлық өнім вакуумдалып, арнайы қаптамада сақталады. Соңғы жылдары Мадинаның өнімдері ауданишілік дүкендерде сатылымда жиі орын алады. Сонымен қатар дайындалған өнімдеріне көрші өңірлерден де тапсырыс күнделікті түсіп отырғандықтан, алдағы уақытта өнімдерін басқа облыстарға жеткізу қызметін

қарастыруды жоспарлап жүргенін айтты.

Жергілікті халық үшін мұндай кәсіптің маңызы зор. Біріншіден, жаңа жұмыс орындары ашылады. Екіншіден, ауылшаруашылығындағы ет өнімдерін өңдеу арқылы ішкі нарыққа үлес қосылады. Үшіншіден, отандық өнім импортқа тәуелділікті азайтады.

Кәсіпкердің айтуынша, болашақта өндірісті кеңейтіп, жаңа цех ашып, асортиментті көбейтіп, өз өнімдерін үлкен брендке айналдыруды мақсат етеді. Шұжық өнімдерін экспортқа шығару да жоспарда бар. Ол үшін технологияны жаңартып, халықаралық стандарттарға сай сертификат алу көзделуде.

– Мен бұл кәсіпке қызығушылығым арқылы келдім. Бастапқыда дайындаған өнімдерімді әлеуметтік инстаграмм желісі арқылы сатып бастап, кейін тұтынушылар саны күн сайын артып, жұмысыма арнайы дүкен ашып, жұмыссыз екі адамды жа-

ныма жұмысқа орналастырдым. Бүгінде жұмыс аясы кеңіп, жұмысшы саны сегіз адамға көбейіп, барлығымыз бір үйдің адамындай ауызбіршілікте жұмыссызды жалғастырып келеміз. Кәсіп бастағысы келетін замандастарыма айтарым - еңбек пен табандылық бәрінен бұрын тұрады. Бастапқыда қиындық болуы мүмкін, бірақ егер ниетіңіз бен өзіңізге деген сеніміңіз нақты болса, бастаған ісіңізден нәтиже болады, - дейді Мадина Сағынғалиқызы.

Қарапайым ауыл тұрғынынан табысты кәсіпкерге айналған Мадинаның еңбегі - отандық өндірістің нақты үлгісі. Осындай азаматшалардың арқасында ауылдың әлеуеті артып, жергілікті өнімнің қадірі көтеріле түсетіні сөзсіз.

Үміт ҚАЗДАЕВА.

ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТ

АДАМГЕРШІЛІГІМЕН
АРДАҚТАЛҒАН МАМАН



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ
– ҚОҒАМДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ
ӘРІ ЖАУАПТЫ САЛАЛАРДЫҢ
БІРІ. БҮЛ САЛА МЕЙІРІМДІЛІК
ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚҚА,
АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЖОҒАРЫ
КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ
НЕГІЗДЕЛГЕН. ОСЫНДА ЕҢБЕК
ЕТЕТІН ӘР ҚЫЗМЕТКЕР –
ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ЖАНДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП,
ҮМІТ ПЕН ЖЫЛУЛЫҚ СЫЙЛАЙ-
ТЫН АБЗАЛ ТҮЛҒАЛАР. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ӨЗ ІСІНЕ
АДАЛ, ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН АРЫҚБАЕВА МАЛИКА
СЕЙЛХАНҚЫЗЫ.

Малика Сейлханқызы 1987–1990 жылдары Новосибирск облыстық медициналық училищесінде «мейірбике ісі» мамандығын меңгеріп, медицина саласына алғашқы қадам басты. Содан бері 37 жыл бойы ол осы салада табанды еңбек етіп келеді. Кәсіби жолында талай жанның саулығын жақсартуға, өмір сапасын арттыруға өз үлесін қосты.

2019 жылдан бастап ол «№ 5 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымына қосылды. Бұл орталық 2019 жылдың 29 сәуірінде Маңғыстау облысы әкімдігінің шешімімен ашылған болатын. Мұнда 18 жастан асқан, созылмалы психикалық аурулар салдарынан күтімді қажет ететін 20 қызмет алушыға әлеуметтік және медициналық қолдау көрсетіледі. Бұл - үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін маңызды жұмыс.

Арықбаева Малика Сейлханқызы – орталықтың диетолог және массаж жасау жөніндегі мейіргері. Ол қызмет алушыларға кәсіби тұрғыдан ғана емес, адами жанашырлықпен де көмек көрсетіп келеді. Малика Сейлханқызы әр науқастың

жағдайына ерекше көңіл бөліп, жан жылуын аямайтын мейірімді жан ретінде ұжым арасында да үлкен құрметке ие.

Ұзақ жылдар бойғы еңбегі мен жоғары кәсіби біліктілігі үшін ол басқарма басшылығынан және түрлі қоғамдық ұйымдардан Алғыс хаттар мен марапаттарға ие болған. Бірақ ең басты марапат - оның мейірімді жүрегімен жылу сыйлаған жандардың алғысы мен ризашылығы.

Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күні қарсаңында ұжым Малика Сейлханқызына шынайы ризашылығын білдіреді.

– Сіздің өмір жолыңыз - жанашырлықтың, кәсібиіліктің және еңбексүйгіштіктің айқын үлгісі. Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық пен береке, еңбекте толағай табыстар тілейміз. Сіз – біздің ұжым үшін үлкен мақтанышысыз! – дейді әріптестері.

Жақсы адамдардың өмірі - олардың атқарған еңбегінің өлшемі. Арықбаева Малика Сейлханқызының өмір жолы мен кәсіби қызметі осы сөздің жарқын дәлелі.

Аңсат ИБРАГИМОВ,
Әлеуметтік қызметкер.

БАҒДАР

14 ҚАЗАН КҮНІ «АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ МЕН «АСAPEDIA» БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША Өңірлік филиалы «ИННОВАЦИЯЛАР. ТҰРАҚТЫЛЫҚ. БОЛАШАҚ» АТТЫ АГРОХАКАТОН ӨТКІЗДІ. БҮЛ БАСТАМА АУЫЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУҒА, АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ЕНГІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

АУЫЛ ЖАСТАРЫ АГРОХАКАТОНДА
ӨЗ ИДЕЯЛАРЫН ҰСЫНДЫ

Іс-шараның басты мақсаты – жас буынды технология, ғылым және экологияның тоғысындағы өзекті мәселелерге жаңаша көзқараспен қарауға, сондай-ақ тәжірибе алмасу арқылы тың идеяларды жүзеге асыруға ынталандыру болды.

Агрохакатон мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан тиімді алаңға айналды. Қатысушылар заманауи технологиялар мен тұрақты даму қағидаттарына сүйене отырып, ауылдық аймақтар мен қалалық ортаның тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларын ұсынды.



Билығы агрохакатонға еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ге жуық команда, оның ішінде Ақтау қаласынан 11 команда қатысып, өз жобаларының прототиптерін таныстырды. Ұсынылған идеялар «ақылды» ауылшаруашылығы, экологиялық тұрақтылық, ресурстарды тиімді пайдалану және цифрлық шешімдерді дамыту бағыттарына арналды.

Жарыс нәтижесінде ең үздік жобалар анықталды:

